

## "Алюминий Казахстана" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 23 қаңтардағы № 8 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабына, 69-бабы 4-тармағының 10) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Алюминий Казахстана" акционерлік қоғамына, қатты пайдалы қазбаларды геологиялық зерделеу және барлауды жүргізу үшін Қостанай облысы Науырзым ауданының аумағында орналасқан, ауданы – 12 117,88 гектар жер учаскесіне 2031 жылғы 16 қыркүйекке дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Науырзым ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін оның Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Науырзым ауданы әкімінің орынбасары М.С . Мырзабековке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*М. Ихтияпов*